



«ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ
ӘМІР ДаҒДЫЛАРЫ»
КИТАПТАР СЕРИЯСЫ

МИҢСІВ АДАМ НОҚ

Перфекционизм
туралы балаларға
арналған әңгіме





БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН
«ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӨМІР Дағдылары»
КИТАПТАР СЕРИЯСЫ

Nobody's Perfect

A story for children about
perfectionism



by Ellen Flanagan
illustrated by Erica Pelton Villnave



American Psychological Association
Washington, DC

Мінсіз адам жоқ

Перфекционизм туралы
балаларға арналған
әңгіме



Авторы Эллен Флэнаган Бернс
Көркемдеген Эрика Пэлтон Вильнав



Астана
2018

**ӘОЖ 159.9
КБЖ 88.8
Е 96**

Кітапты баспаға әзірлекен	— «Bilim Foundation» қоғамдық коры
Жоба жетекшісі	— Кенжеханұлы Р.
Аудармашылар	— Калкеева К.
Редакторлар	— Смадилова К.С.
Пікір жазғандар	—

Эллен Фленаган Бернс

E 96 **Мінсіз адам жок. Перфекционизм туралы балаларға арналған әңгіме:**
— Астана: Bilim Foundation. — 2018 жыл. — 55 бет.

ISBN 978-601-7989-06-4

Аружан Мұратқызы – әркез алдыңғы катарда жүргісі келеді. Әлдебір істе кенже қалып қойса еңсесі түсіп, салы суға кетеді. Женілемін-ау деп қауіптенсе, жаны қалайтын істі де орындаудан бас тартады. Ондай сэттерде тым сылбыр. Әркез өзін өзгелерменс салыстыра береді. Әрбір ісінің мінсіз бола қоймайтынына жаны ауырады.

Анасы мен ұстаздарының қомегімен Аружан бәрінен асып түсуге ұмтылмай-ақ, көнілі ауған істі ғана істеуді үйренеді.

**ӘОЖ 159.9
КБЖ 88.8**

ISBN 978-601-7989-06-4

© Magination Press, 2011
© «Bilim Foundation» ҚҚ, 2018

МАЗМҰНЫ

Күрметті оықрман	8
Бірінші тарау	
Өнер көрсету.....	11
Екінші тарау	
«Бар болсаң шоқ бол, шоқ болмасаң жоқ бол!»	15
Үшінші тарау	
Женімпаздар мен жеңілгендер.....	19
Төртінші тарау	
Тек бес алғым келеді	23
Бесінші тарау	
Уақыт жетпейді	27
Алтыншы тарау	
Мінсіз күшік	31
Жетінші тарау	
Қажыған аспаз	35
Сегізінші тарау	
Қойылым жүлдышдары	39
Тогызыншы тарау	
Жаман емес	45
Оныншы тарау	
Шаттық күйі	51

Құрметті Әқырман!

Отбасың мен достарыңың мінсіз болуын, тек беске оқуды, тобыңдағы үздік ойыншы, ең ақылды, ең әдемі, ең талантты бала атануды арамандап па едің? Негізі барлығымыз да қандай да бір саланың ең үздігі болуға ұмтыламыз. Бірақ Аружан Мұратқызы сияқты барлық жерде мінсіз болуға жанталасқан әрбір бала бұл арманға қол жеткізу өте қын екенін түсінеді.

Барлық істе үздік атануға ұмтылған Аружан күйгелек әрі ашуашаң бола бастады. Мінсіз болу оңай дейсің бе?! Талантты күйші бола тұра, барлық жерде де алдыңғы қатардан көрінгісі келді, мектепте керемет жоба жасауға, көрсетілімде басты рөл алуға, ең талантты күйші болуға ұмтылды. Мұншама тыраштану адамды қатты қалжыратады. Ең үздік атанамын деген Аружанның әлек-шәлелі шықты. Баршаға сүйкімді көріну үшін жанталасқаны сонша, бала болып ойнауды да ұмытып кетті. Ал кейде әлденені қате істеп қоям ба деп қорғалақтап түк те істемей отырып алатынды шығарды. «Қате қадам жасасам адамдар менің таңғажайып бала емес, көптің бірі екенімді біліп қойып, теріс айнала ма?», – деп қатты қорқатын. Ол өзінің қарапайым адам екенін мойындағысы келмеді.

Уақыт осылай өте берді. Аружан күндердің бір күнінде қателесу – соншалықты қорқынышты емес екенін түсінеді. Иә, қателескен дұрыс емес, бірақ оның бір жақсы жері қателіктерінен сабак аласың ғой. Кесені сындырып алу, қамыр илегенде тұзын көп салып жіберу немесе баскетболдың үздігі атанбау жанды жабырқатады. Бірақ Аружанның ұстазы айтқандай, «өмір осындай ғой». Қателіктердің де үйретері көп. Олар бізге дұрыс жолды көрсетіп, есекімізге көмектеседі. Кішкене бір ерекшелігіміз бізді көрер көзге сүйкімді етеді. Құлағын қозғалта алатын (онысына бәрі мәз-мейрам болып күледі) тамаша досым бар! Шашым бүйра болмағанымен, ерекше жылтырайды. Ал анамның сыңғырлаған күлкісі мені де қуанышқа бөлейді! Мұның бәрі бізді бақытқа жетелейтін, ерекше ететін жайттар.

Аружан ақырында барлық істе үздік болу мүмкін емесін түсінді. Есесіне өзі шынымен ұнататын кейбір салада қара үзіп кете алады. Мұның барлығын оған жақындары ұғындырды. Жаңа достар табудың, көңіл көтерудің және жаңа нәрсені үйренудің жолы көп екеніне әйтейір көзі жетті.

Сен де Аружан сияқты әр нәрседе үздік болуға ұмтыла берсен, тезірек өзгеруге тырыс. Жаңалықтар ашудан қорықпа. Қателесе қалсан, салың суға

кетпесін. Жүргің қалайтын дүниені тапқан кезде, оған қанша уақыт жұмсасаң да, жаңың жадырайды, еш шаршамайсың. Өзіңе-өзің ұнаған сәттен бастап көңілің де көтеріңкі болады, шат-шадыман жүресің, жадырап сала бересің.

**Құрметпен (бұрынғы перфекционист),
досың Әллен**

Автор туралы


Әллен Флэнэган Бернс – мектеп психологы және кәсіби терапевт-массажист. Перфекционизм мәселелерін кәсіби түрғыда зерттеп, көптеген баламен жеке жұмыс жүргізген маман. Мінсіздікке жанталаса ұмтылған балалармен жұмыс істеуде мақсатты және когнитивті емдік іс-шара ретінде балаларға арналған кітап нағыз көмекші құрал бола алады деп сенеді. Бернс ханым Делавер штатындағы Ньюаркта отбасымен бірге тұрады.



Көркемдеуші туралы

Эрика Пельтон Вильнав Мэриленд институтының өнер колледжінде оқып жүргенде-ақ балалар әдебиетіне қызыға бастайды. Онда ол иллюстрация жасау өнерін оқыған еді. Оның ерекше көріністерге, жарқын түстерге толы суреттері жаңа әлемге жетелей жөнеледі. Суретшінің анимациялық жұмыстарындағы кейіпкерлер әр балаға тән. Кітаптағы суреттерге қарап кейіпкерлермен тілдесіп, оқиғаның ортасында жүргендей сезінесін.





Бірінші Тарапу



ӨНЕР КӨРСЕТУ

– Сахнада – Аружан Мұратқызы, – деді Зәуреш апай.

Аружан домбырасын құшақтап ортаға шықты. Айналасына қарап анасын, әкесі мен інісі Шыңғысты, сондай-ақ Зәуреш апайдың өзге де шәкірттерінің ата-анасын байқады. Өнеріне тәнті етер жүлдышды сәт туды деген осы емес пе?! Аружан бұл күнді ұзақ күткен еді.

Ол «Балбыруын» күйін шерте жөнелді. Делебенді қоздырар, жігерге толы күйді екпіндете орындал шықты. Күй от-жалындағы қызуға толы еді. Сол сезімді беруге барынша тырысты.

Зәуреш апай күйді орындағанда нота дәптерін пайдалануға рұқсат етсе де, «женілдің асты, ауырдың үстімен» жүргісі келмеген Аружан шығарманы түгел жаттап алған болатын. Бір жағынан ересек оқушылар сияқты ойнай алатынын да дәлелдегісі келді. Олар әдетте күйлерді жатқа шертеді ғой. Екінші кезекте «Бала Мишка» күйін орындауы керек. Бұл күйді жүрттың көңілін көтеретін қалыпта, женіл және жылдам орындаады. Күйді аяқтай бере, саусағы сырғып кетіп, кездейсоқ басқа пернені басып қалды. Әттеген-ай! Жап-жақсы әуенді басқа бір дыбыс бүлдіріп жіберді. Аружан тұтас шығарманы нашар орындал қойдым-ау деп күйінді. Қызырып кетті, тіпті ашуы да бүрк ете қалғандай. Көңілі нілдей бұзылды. Жүрегі май ішкендей кілкіді.

Зәуреш апай келесі орындаушыны сахнаға шақырғанда ғана иығынан ауыр жүк түскендей, ата-анасының қасына ұнсіз отыра қалды.

– Тамаша орынадың! – деп сыйырлады әкесі. Анасы да құптап басын изеді.

Аружанның жүрегі әлі өрекпіп түр еді. «Бәрін бүлдірдім!». Өзге оқушылардың көзіне түскісі келмеді. Шығарманы қате орындал, достарының да

көңіл-күйін бұзған жоқ па? Талай уақытын жұмсап, осы күйді үйренген еңбекті еш қылғаны-ай. Ендігәрі домбырада тапжылмай отырып үйрену керек, сонда өзгелер секілді үздік ойнап шығар. «Тәжірибелі футболистер қателеспейді ғой, мен де солардан ұлгі алуым керек», – деген шешімге келді.

Күйлерін орындаپ біткен соң Зәуреш апай барлығын астан дәм татуға шақырды. Үстелдегі тәрелкелерде тәтті-тұрым толып тұр. Дәл ортада шабдалы шырыны бар үлкен ыдыс. Шырынға тәтті балмұздақ пен мұз қосқан.

Аружан достарымен сөйлескісі келмеді. «Өзгелердің де менімен сөйлескісі келмес», – деп ойлады ол. «Жолы болмаған адаммен кім сөйлесе қояр дейсің?», – деді іштей. Шырыннан үрттап қойып, өзімен-өзі шеткери тұрган еді.


Қасына Арайлым келе қалды. Ол Аружаннан бұрын сахнаға шыққан болатын.


- Өте жақсы орындағың, – деді Арайлым.
- Есесіне «Бала Мишкада» бұлдірдім. Құрттым ғой, – деді Аружан.
- Қойшы, байқамадым, – деп Арайлым таң қалды.

Сосын:

- Ештеңе етпейді, мен де қателестім, – деп емен-жарқын әңгімеге тартты. «Көңілімді аулап тұр», – деп ойлады Аружан. Ол Арайлымның күйін тындағы ғой, мұлтіксіз орындағы. Арайлым домбыраның құлағында ойнайтын дәүлескеп күйші деп есептеді Аружан.

Шырынды бір үрттап қойып, қолындағы тәттісін жеп тауықсан Аружан кетуге оқталды. Көңіл-күйі жоқ еді, өсіресе Зәуреш апайдың көзіне тұскісі келмеді. «Апайдың сенімін ақтамадым» деп есептеді.





Екінші Тараз

«БАР БОЛСАН ШОҚ БОЛ, ШОҚ БОЛМАСАН ЖОҚ БОЛ!»

Келесі күні мектепке зорға барды.

– Қане, тыныш! Орындарыңа отырыңдар! – деді Адина апай. Оқушылар демін ішіне тарта қалды. Алдыңғы аптада қойылымға адам іріктеген. Бүгін соның қорытындысы шықпақ. Көктемде «Күн астындағы күнекей қызды» қоймақ, кімнің қандай рөлге бекігенін білгісі келіп бәрі орындарына отыра қойды.

– Ал, мені тыңданғар, – деді Адина апай қайталап.

Ол театр үйірмесінің оқытушысы және қойылымның режиссері еді. Қызыл түсті шашы бұп-бүйра болатын. Қобырамасын деп шашын тәбесіне жинай салатын әдеті бар. Кейде шашын ұстап тұру үшін бір-екі қарындаш қыстырып қояды. Сонысына қарамастан сабақ бітер уақытта шашы босап, бір-екі талы иығында бүйраланып жататын. Мұнысы Адина апайдың көркіне көрік үстейтін еді.

Оқушылардың көбі театр үйірмесіне қатты қызығады. Себебі, Адина апай әр баланың таланттын тап басатын. Оның үйірмесіне бәрі қуана жүгіре жөнелетінінің тағы бір себебі – Адина апай балалардың қателігін ешқашан бетіне баспайтын. «Қателеспейтін адам болмайды», – дейтін ұстазы. Ол Альберт Эйнштейн, Элеонора Рузвелт сынды ұлы адамдардың да қателескенін, оны өздері де мойындағанын үнемі мысалға алатын. Сондықтан да театр үйірмесінде ешкім қымсынып қымтырылмайтын еді. Әлдебіреу қателесе қалса, Адина апай дауыс көтерген емес. Мысалы Есей жаттауға берген сөзді үнемі ұмыта берсе, Нұргұл сықылықтап, кулкісін тия алмай қойса немесе Сара Жалмауыз кемпірді мейірімді әжеге айналдырып жіберсе де Адина апай қабақ шытқан емес. Ол балалардың рөлді әйтеуір бір орындай алатынына сенетін. «Ештеңе етпейді, өмір осындай ғой», – дейтін

жай ғана. «Өмір осындай ғой» деген сөз тіркесі оқушылардың қағытпа сөзіне айналды. Балалар да өз қателіктеріне қуле білуді үйренді. Бірақ Аружан ондай бала емес еді.

Адина апай спектакльдер туралы көп білетін, себебі ол жергілікті театрдың актрисасы және режиссері болатын.

– Дәліздегі хабарландыру тақтасында қойылымға бекіген қатысушылар тізімін іліп қойдым. Сабактан кейін барып танысарсын-дар. Қойылымға қатысқысы келген баршага алғыс айтамын. Бұл қойылым тамаша болар деп сенемін, – деді ол.

Әрине, сабактың соңына дейін ешкім күткісі келмеген еді. Барлығы күбірлеп, қозғалақтап, қарсылығын білдіріп қалып жатты.

Аружан басты рөлден үміттенді. Қунекейдің рөлін сомдағысы келді. Спектакльдегі ең маңызды рөл осы деп ойлады. Ол Алматыда бұл қойылымды отбасымен тамашалаған болатын. Қунекей рөлін оп-оңай сомдап шығамын деп сеніп жүрген.

Мұндайда сабак та бітпей қояды. Міне, әрең дегенде қоңырау да соғылды-ау! Барлығы бірдей сыртқалап қойды. Хабарландыру тақта-сынын қаңына топырлап жүргендер көп. Бірін-бірі итерген оқушылардың бәрінің де көзі тақтада. Кейінірек тұрғандарға тақтадағы жазуды көру мүмкін емес. Аружан тізімді оку үшін аяғының ұшымен тұрды. Бірден Қунекей рөліне кімнің бекігенін іздей бастады. «Мүмкін емес!». Онда Әсияның есімі жазылып тұр еді. Ал Жұлдыз – Әсияның дублері болыпты. Аружан – күймен сүйемелдемек...

– Құттықтаймын, Әсия, – деді Аружан сүлесоқ.

Оның көңіл-күйі күрт түсіп кеткен еді. Қойылымда қалаған рөлі шынымен де бұйырмағаны ма? Не үшін? Ол Әсияның қай жері артық екенін білгісі келді. «Әсияға ұқсағанымда ғой», – деп ойлады ол.

Аружанның ең жақсы досы Гүлжан еді. Ол қасына қуана келіп:

– Аружан, спектакльде күй шертесің! Жақсы, иә! – деп мәз-мейрам болды.
– Қунекейдің рөлін сомдағым кеп еді. Нақты рөл де бұйырмады, – деп Аружан ауыр күрсінді.

«Әу баста қатты тырыспадым. Жақсы өнер көрсетсем, мені Қунекейдің рөліне бекітер еді» деген ой Аружанды мазалай бастады. «Сөзді әбден жат-тап алуым керек еді», – деді ол өкініп, өзіне-өзі.

– Рөл бермеді деген сөз бола ма?! Маған да ешкімнің рөлі бұйырмады, – деді Гүлжан. – Сахнаны безендіремін.

Гүлжанның қуанышы қойнына сыймай түр еді. Себебі ол суретті жақсы салатын. Және сурет салғанды ерекше ұнататын.


– Оның не керегі бар? – деп күнкілдеді Аруjan.
– Басты кейіпкер, ең болмағанда негізгі кейіпкерлердің бірі болмасаң, ешкім саған мән де бермейді. Осы бір қойылымға қатысқым келмей қалды. Сен не істейсің? – деп сұрады ол Гүлжаннан.

Гүлжанның қойылымға қатысатыны көзінен-ақ байқалып түр еді. Ол Аруjanға сахна сыртында жұмыс істеудің, қойылымға дайындалудың қандай қызық екенін әңгімеледі. Өзіне сахнаны безендіруді сеніп тапсырганға риза еді.

– Бас тартпа! Қызық емес пе? – деді ол күлімсіреп.

Аруjan Гүлжанның неліктен соншама қуанып кеткенін түсінбеді. Түптеп келгенде, сахнаны безендіру мен күй шертуудің қойылымға не қатысы бар? Олар ол қойылымның жұлдыздарына айналмайды ғой. Тіпті ешкім көзіне де ілмейді. Гүлжан басқалармен қызу әңгімеге айналғанда, Аруjan жалғыз өзі сыныпқа кіріп кетті.







ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖЕҢІЛГЕНДЕР

Сәкен ағай спортзалда волейбол торын орнатып жатқан еді.

– Қыздар мен үлдар волейбол ойнайды! – деді ол бүкіл сыныпқа.

Балалар қуана шулап кетті. Аружан және басқа да қыздар ойнау үшін дөңгелене тұра қалды. Үлдар бір-бірінің қолын алғып жатты. Аружан да қуанып кетті. Себебі волейболды жақсы ойнайтын.

– Үлдардан мықты екенімізді дәлелдейік, – деді ол қыздарға.

Бірақ олай болмай шықты. Үлдар алты ұпаймен бірден алға шықты. Рұстем допты жіберіп қап еді, Гүлназ оның соққысын тойтарып үлгере алмады. Қыздар ұтыла түсті.

– Гүлназ, не тұрыс? Қимылда! Секір де, допты ұр! – деп Аружан айғайлап жіберді: – Женуіміз керек қой!

Гүлназдың беті өрттей қызарды. Аружан айқайлап жіберген соң, допты әдейі жаңсақ ұрғандай кінәлі болып қалды. Барлығы ойын қызығы үшін емес, жеңіс үшін ғана ойнап жүргендей ме? Гүлназдың әрі қарай доп соғуға зауқы соқпады.

Жұлдыздың допты ұратын кезегі келгенде, қыздар ұпайды теңестірді. Аружан қайтадан қуанып кетті. Келесі доп Гүлбану мен Әсияға қарай ұшты. Бірақ допты екіншісі қағар деп ойлад, екеуі де қозғала қоймады. Доп екеуінің дәл ортасына түсті. Үлдар тағы жеңе бастады. Болмашы жерден доптан айрылып қалған Гүлбану мен Әсия сықылықтап құліп жіберді. Мұны байқаған Аружан ызадан жарылып кете жаздады. Теп-тегіс жерден осылай суріне ме екен? Қыздар жеңіс үшін жанын салмайтынына күйініп кетті, жеңе ме, жеңіле ме – оларға бәрібір болғаны ма?

– Қыздар! Допты қағып алсандаршы! – деп жекіп жіберді Аружан.

Әсия мен Гүлбану дереу күлкісін тия қойып, Аружанға жақтырмай қарады. Үлдар келесі раундта да үздік ойнады. Гүлжан өзіне келген допты алаңын сыртына қарай ұрып жіберді. Аружанның үміті сөне бастады. Жеңіске ынталандырып, кеңес беру үшін қыздарды қасына жинады. Ол допты қарсы топтың әлсіз ойыншыларына лақтыру керегін түсіндірді.

– Сонда ғана женуіміз мүмкін, – деді Аружан дауысы жарықшақтанып.

– Аружан, саған не болды, бұл жай ғана ойын ғой, – деп Гүлжан басу айтпақ болды.


– Жоқ, – деп қарсыласты Аружан. – Біз міндетті түрде женуіміз керек!

...Әрине, қыздар ұтылып қалды. Аружанның ойынша, қыздар үздік болуға түк те тырыспағандықтан женілді. Ұтылған топта ойнағаны үшін өзіне де жыны келді.

– Ендігәрі қыздар үлдарға қарсы ешқашан ойнамайтын болармыз деп үміттенемін, – деді ол шара-сыздықтан.

Гүлжан екеуі сыныпқа бет алды. Дәліздегі хабарлан-дыруға көзі түскен Гүлжан қуаныштан ай-қайлап жіберді.

– Қарашы, Аружан, осы аптада футболға тіркелуге болады еken, – деді ол қуанышы қойнына сый-май.



Гүлжан «Жолбарыстар» командасында футбол ойнауды армандаитын. Аружан да футболға қызығатын. Бірақ топ жарып шығатынына күмәні басым еді. Себебі бұрын футбол ойнап көрмеген.

«Кулкіге қалар жайым жоқ», – деп ойлады да:

– Гүлжан, шынымен де футболға жазыласың ба? – деп сұрады.

– Әрине! Осы күнді жыл бойы күттім ғой! – деді Гүлжан екі езуі құлағына жетіп, – футбол ойнаған қызық емес пе?

– Ал мен сәл ойланайын, – деді Аружан.

Мысықтың судан қорғалақтайтыны сияқты, Аружан да жаңа бір нәрсені бастаудан қатты қорқатын. Әсіреле «жаңа істі үздік істемесем ше» деген күдігі басым болса, ол жаққа аттап баспайтын. Қазір де доп тебе алатынына толық сенімді емес еді.

– Жақсы ойнай алмаймын-ау, – деді ол Гүлжанға.

– Мейлі, – деді Гүлжан. – Мен де жетістіріп доп тебе қоймаспын. Онда тұрған не бар екен?

Қалай сонда? «Онда тұрған не бар?» деген сөз бола ма? Қолыңдан келмесе, мәселен, доп тебе алмай қалсаны, айнала жұрт жатып кеп құлмей ме? Құлкіге қалғанша, бірден ойнамаймын деп шешкен дұрыс болар.

Гүлжанға:

– «Жолбарыстар» теңдессіз ойыншылар болып шықса қайтесін? – деп ес-кертті.

– Соған бола уайымдап тұрсың ба? Міне, мұнда футболды енді үйренгісі келгендерді қабылдаймыз деп жазылған, – деді Гүлжан. – Жақсырақ ойнаймыз деп сенемін.

Бірақ Аружан «жақсырақ» ойнағысы келмеді, ол ең тамаша ойыншы болсағана командаға қосылууды көздеді.

– Қайдам. Футбол ойнағым келмейді-ау осы.

– Түү, Аружан! Неге бар жерде оза шапқың келеді де тұрады?

– Кімнің бейшара болғысы келеді дейсін, – деді Аружан шап ете қалып. «Гүлжан мені енді түсінген болар» деп ойлайды өзі іштей.

– Озат оқушы болғаның үшін емес, жақсы адам деп сені дос тұтам, Аружан, – деді Гүлжан, – қателессен де сені ешкім бейшара демейді.

Аружан не дерін білмеді. Ол да Гүлжанды үздік болғаны үшін емес, досы болғандықтан жақсы көретін.

Гүлжан одан әрі ештене дей қоймады. Екеуі жол бойы үнсіз келді.





Төртінші Тарап

ТЕК БЕС АЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Сәуле апай «Мұхиттағы тіршілік көрінісі» атты ғылыми жобаны орындау үшін сыныпты шағын топтарға бөлді. Сәуле апай – Аружанның сүйікті ұстазы. Ол мейірімді және ұдайы қызық тапсырмалар береді.

– Жобаларыңды кішкене қорапшаға сыйдырыңдар, – деді Сәуле апай.

Аружан, Гүлзат пен Мирас бір топқа тұсті. Аружан мұхит тіршілігін көрсететін ең үздік жұмысты қалай жасау керегі туралы ойлай бастады.

– Мұражайда заттарды жылжыту үшін қораптың астына магниттер қойғанын көрген едім. Бір ғана қорапқа жасай салмай, бірнешеуін қатарлап қойып, мұхиттың бірнеше деңгейін көрсетсек қалай?

– Керемет, Аружан! Бірақ оны жасау үшін уақыт керек. Сондықтан үлгере алмай қалуымыз мүмкін, – деді Мирас.

– Иә, бұл тамаша! Алайда Мирас дұрыс айтады, бұл тым ауқымды іске айналып кетейін деп тұр, – деді Мирас. – Шағын ғана, әсем жоба жасайық. Сәуле апай бізден үлкен жұмыс күтіп отырған жоқ қой.

Олар Аружанның ұсынысына келіссе, ең үздік жобаның иесі атанар еді. Гүлзат пен Мирас жақсы-ақ оқушылар шығар. Бірақ неге жанын жалдап жұмыс істегісі келмейді? Тапсырманы орындауға өзіндей қызығып, ынта білдірмегесін, Аружанның көңілі түсіп, ренжіп қалды.

Гүлзат жұмысты жеңілдету үшін жобаны теңдей бөліп істейік деп ұсынды. Мирас шығарманы жақсы жазатын, демек, көріністі сипаттап жазу оның қолынан келеді. Гүлзат қорапшаны бояп, сазбалышықтан теңіз табанының жер бедерін жасайтын болды.

– Аружан, сенің қиялың ұшқыр ғой, теңіздің тіршілік иелерін, жанжануар әлемін жасау қолынан келеді, – деді Гүлзат. – Әрқайсымыз өз жұмысымызды аяқтаған соң, бәрін құрастыра қоярмыз.

– Онда біздің жобамыздың басқалардан түк ерекшелігі болмай қалмай ма? – деп қарсылық білдірді Аружан.

Ол Гүлзат пен Миастың ерекше, қайталанбас бірнәрсе ойлап табуға тырыспайтындарына ренжіді. Оңай жолды таңдал түрғандай көрінді. Оған қоса Мирас барлық жобаны бұлдіріп алуы мүмкін деп уайымдады. «Ол соншалықты жақсы жаза білмейді», – деп ойлады Аружан ішінен. Гүлзаттың да тапсырманы ыждахатпен орындаітынына сенбеді. «Дәл мендей ешкім жанталасып жүрген жоқ», – деп ойлады ол.

Аружан Гүлзат пен Миасты қанаттан-дырғысы келіп, ойын қайталап айта бастады.

– Қолымыздан келеді! – деді ол құлшыныспен.

– Демалыс күні тек осы тапсырмаға отырамын.

Бос уақыттарында келіп, мүмкіндігінше қол ұшын берсеңдер болғаны.

Достары әлденені бұлдіріп алғанша, өзім-ақ бәрін істейін деген ойға бекіді.

Аружан үшін не нәрсені де дұрыс істеудің жалғыз жолы

– бастан-аяқ өзінің ғана жасап шығуы. Күрделі жобалар жасайтын және кілең бестік алатын болғандықтан, Гүлзат пен Мирас Аружанға бөгет жасағысы келмеді. Қалай болғанда да бәрі Аружанның ойындағыдай болатынын және олардың тапсырманы орындауға қатысу-қатыспауы Аружан үшін маңызды емес екенін түсінді. Сондықтан олар үнсіз келісті.

– Осы сенбіде әуелі бір жұмыстарым бар, кейін саған көмектесермін, – деді Гүлзат.

Мирас сол күні бейсболға баратынын айтты:

– Ойыннан кейін екеуіңе қосы-ламын, – деді ол.

– Жақсы, – деді Аружан. – Көр де тұрындар, барлығымыз бес аламыз!



Аружан барлық демалысын жобаға арнап, ойынға уақыты болмайтынын үқтү. Бірақ ол ойна-мауға үйренген еді. «Ештеңе етпейді! Сөule апай бұл жобаны қалай ұнатып, мақтайтынын қазірден-ақ көзіме елес-тетіп тұрмын!», – деді ол өзіне-өзі.

Гүлзат мен Мирас бір-біріне қарап, иықтарын қиқаң етті. Ауыздарына сөз де түспеген еді.







УАҚЫТ ЖЕТПЕЙДІ

Аружан өз сыныбындағы үздік оқушылардың бірі екенін мақтан тұтатын. Онысын дәлелдейтін жүлделері мен медальдары да көп еді.

«МАТЕМАТИКА ОЛИМПИАДАСЫ, 4-СЫНЫП»

«ФОТОЛАР САЙЫСЫ, 5-СЫНЫП»

«5 ЖЫЛ ҚАТАРЫНАН ҮЗДІК ОҚУШЫ ЖУЛДЕСІ»


«ҒЫЛЫМИ ЖӘРМЕҢКЕ, 1-ШІ ОРЫН»

«ЖАС МУЗЫКАНТТАР БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕНІМПАЗЫ»

Барлық марапаттар жатын бөлмесіндегі сөреде тізіліп тұр. Аружан Сыныптастары компьютерлік жаңа бағдарламаларды пайдалана отырып жақсы жұмыс істеуі мүмкін ғой деген ойдан арыла алмады. Ондай жұмыс жәйғана жақсы емес, тамаша болып шықпай ма?! Біздің жұмыстан да үздік болып кетсе ше? Ақбота мен Нұрдәulet бұрындары бір жұмыстарына керемет дизайн мен ерекше заттарды пайдаланған еді. Олар өте әсерленіп таңғажайып жоба жасағанын көпке дейін айтып жүрді. Бірде жаһандық жылыну туралы плакат жасап келу туралы тапсырма берілгенде, Ақбота мультимедиалық презентация жасағаны бар. «Мен бұған қарсымын! Мұлде дұрыс емес! Әркім берілген тапсырма аясынан шықпауы керек қой», – деп ойлады Аружан. Алайда, өзі сондай ерекше бірдеме жаса-ғысы келді. Ол мұхит тіршілігін көрсететін қорапты керемет етіп жасауға тырысты. Алайда не нәрсені бастаса да, бірдеме кемшін болып тұрғандай әбігерленді.


«Мұхит тіршілігінің көрінісін» тапсырғаннан кейін, бірнеше апта өткен соң (Аружан қуллі демалысын осы жобаға арнады. Иә, Гүлзат пен Мирас та аздап қол ұшын созды. Нәтижесінде бес алды), Аружан келесі үй тапсырмасын аяқтауға үлгермеді. Тіпті, ол жұмысты аяқтамақ түгіл, бастамаған да еді. Сәуле апай дүниежүзіндегі кез-келген елдің

географиясы туралы қызғылықты мәліметтерді тауып келуді тапсырған болатын. Аружан құр деректердің тізімін жасай салғысы келмеді. Ол аяқ киімге үқсайтынын көрсету үшін Италияны бейнелейтін мұсін жасау туралы немесе Африкадағы тропикалық ормандар туралы баяндама жазу жөнінде қиялдады. «Испанияда түскен фотосуреттерімді апарса да болатын шығар, бірақ мектепке сурет апарудан оңай не бар дейсін»... Мың сан ой Аружанға үйқы бермеді. Уақыт өте берді. Аружан ерекше не жасайтынын ақыры ойлап таба алмады. Ақбота мен Нұрдәulet не



ойлап жүр екен деп басын қатырды. Олар ғажап бірдеме үйымдастырып келетініне сенімді болды. Мың сан ой Аружанды әбден қажытты. «Ертерек бастауым керек еді, – деді ол мазасызданып. – дұрыстап жасау үшін тағы бір апта қажет». Кейінірек ол тапсырма туралы ойланғысы да келмеді, сондықтан оны орындамауға бел байлады. Себебі қалай орындаса да, жобам ең үздігі болмайды ғой деп ойлады.







МИҢСІЗ КҮШІК

Келер күні мектепте Сәуле апай тапсырманы жинап алды. Сылтау айтуға тырысқан бірнеше баланы есепке алмағанда, түгелге жуығы тапсырманы орындалап келіпті.

– Компьютерм бұзылып қалды, кешіріңіз! – деп дауыстады Серік артқы партадан.

– Оны менің мысығым жеп қойды! – деп қостады Жұлдыз миығынан құле. Күллі оқушы жарыса күліп жіберді.

– Онда тапсырмаларыңды ертең әкеліңдер! – деді Сәуле апай. – Ештен кеш жақсы.

Сәуле апай Аружанның да үй жұмысын орында мағынын байқады.

– Аруjan, сен неге тапсырманы орында мадың?


Аружан да үй тапсырмасын орында майтын болғаны ма дегендей, күллі сыныптастары таң-тамаша қалды. Аружан ыңғайсызданып, иығын көтерді.

– Не жасау керегін шеше алмадым, – деп түсіндірді ол абыржып, – ал кейінірек әлдене жасауға мүлде уақыт қалмады.

Ол тапсырмаға қатысты оймен бөлісті.

– Ойың жақсы. Алайда осы жолы шағындау бірдеме ойлап тапсан қайтеді? – деді Сәуле апай.

Аружан қайта ойланған бастады. Бірақ таңдау қыынға соқты. Кішігірім жұмысты істеу туралы ойлану өте қыын екен. Ол тапсырманы үнемі ауқымды және үздік етіп орындағысы келетін әдетінен арыла алмады. Сәуле апай Аружанның әлі де шешім қабылдай алмай отырғанын түсінді.



**АВ!
АВ!**

қалары көп үреді екен.

Аяқ киімін тістелеп тастағандары қаншама? Ол мінсіз күшік табамын деп талмай іздей берді.

– Мінсіз күшік? Ондай болмайды ғой! – деді Аружан.

Сәуле апай әңгімесін жалғады:

– Менің де күшігім бар. Оны мінсіз қылуға тырысқан да емеспін. Эрине, оның айналасын былғамағаны жақсы болар еді. Ал сен дұрыс айтасың, Аружан. Ол бала мінсіз күшікті ақыры таппады. Бірақ, өзі үнатқан күшікті бәрібір асырап алды.

Оның бір құлағы қара, екіншісі құлағы ақ еді. Айналасына да жүні тегіс шашылып жататын.

– Қандай жақсы! – деп жауап қатты Аружан. – Бірақ күшік – үй тапсырмасы емес қой.

– Жөн сөз. Мінсіз адам жоқ, – деп ескертті Сәуле апай. – Үй тапсырмасы да сондай. Не дүниеден де, іздесен, кемшілік табасың.

– Сенің қылышың маған күшік алғысы келген бір баланың оқигасын еске түсірді, – деді Сәуле апай.

– Ол шарқ ұрып мінсіз күшік іздеген еді.

Кейбір күшіктердің қулақтары тым салбырап кеткен.

Кейбірінің

түсі ұна-
мады. Бас-



Бас-

қалары көп үреді екен.

Аяқ киімін тістелеп тастағандары

қаншама?

Ол мінсіз күшік табамын

деп талмай іздей берді.

– Мінсіз күшік? Ондай болмайды

ғой! – деді Аружан.

Сәуле апай әңгімесін жалғады:

– Менің де күшігім бар. Оны мінсіз қылуға тырысқан да емеспін. Эрине, оның айналасын былғамағаны жақсы болар еді. Ал сен дұрыс айтасың, Аружан. Ол бала мінсіз күшікті ақыры таппады. Бірақ, өзі үнатқан күшікті бәрібір асырап алды.

Оның бір құлағы қара, екіншісі құла-

ғы ақ еді.

Айналасына да жүні

тегіс шашылып жататын.

–

Жөн

сөз.

Мінсіз

адам

жоқ,

–

деп

ескертті

Сәуле

апай.

–

Үй

тапсырмасы

да

сондай.

Не

дүниеден

де,

іздесен,

кемшілік

табасың.

–

Сенің

қылышың

маған

күшік

алғысы

келген

бір

баланың

оқигасын

еске

түсір-

ді,

–

деді

Сәуле

апай.

–

Ол

шарқ

ұрып

мін-

сіз

күшік

іздеген

еді.

Кейбір

кушіктердің

қу-

ла-

қтары

тым

сал-

бырап

кеткен.

Кейбірінің

түсі

ұна-

мады.

Бас-

қалары

көп

үреді

екен.

Аяқ

киімін

тістелеп

тастағандары

қаншама?

Ол

мінсіз

кушік

табамын

деп

талмай

іздей

берді.

–

Мінсіз

кушік?

Ондай

болмайды

ғой!

–

деді

Аружан.

Сәуле

апай

әңгімесін

жалғады:

–

Менің

де

кушігім

бар.

Оны

мінсіз

қылуға

тырысқан

да

емеспін.

Эрине,

оның

айна-

ласын

былғамағаны

жақсы

болар

еді.

Ал

сен

дұрыс

айтасың,

Аружан.

Ол

мінсіз

кушікті

акыры

таппады.

Бірақ,

өзі

үнатқан

кушікті

бәрібір

асырап

алды.

Оның

бір

құлағы

қара,

екіншісі

құла-

ғы

ақ

еді.

Айналасына

да

жүні

тегіс

шашылып

жататын.

–

Кандай

жақсы!

–

деп

жауап

қатты

Аружан.

–

Бірақ

ку-

шік

–

үй

тапсырмасы

емес

қой.

–

Жөн

сөз.

Мінсіз

адам

жоқ,

–

деп

ескертті

Сәуле

апай.

–

Ондай

болмайды

ғой!

–

деді

Аружан.

Сәуле

апай

әңгімесін

жалғады:

–

Менің

де

кушігім

бар.

Оны

мінсіз

қылуға

тырысқан

да

емеспін.

Эрине,

оның

айна-

ласын

былғамағаны

жақсы

болар

еді.

Ал

сен

дұрыс

айтасың,

Аружан.

Ол

мінсіз

кушікті

акыры

таппады.

Бірақ,

өзі

үнатқан

кушікті

бәрібір

асырап

алды.

Оның

бір

құлағы

қара,

екіншісі

құла-

ғы

ақ

еді.

Айналасына

да

жүні

тегіс

шашылып

жататын.

–

Сенің

қылышың

маған

күшік

алғысы

келген

бір

баланың

оқигасын

еске

түсір-

ді,

– деді

Сәуле

апай.

–

Ондай

болмайды

ғой!

–

деді

Аружан.

Сәуле

апай

әңгімесін

жалғады:

–

Менің

де

кушігім

бар.

Оны

мінсіз

қылуға

тырысқан

да

емеспін.

Ал сен өзің қызығатын, айтқын келетін нәрсені жаз. Сонда, бәлкім, тапсырманы тез орындарсың.

– Онда Испаниядағы фотосуреттерімді әкелемін, – деді Аружан. Ол тапсырманы қалай орындағытынын анықтаған сон, көңілдене түсті.

– Тамаша! – деді Сәуле апай. – Ертең суреттерінді бізге көрсет.





Жемінші Тарая



ҚАЖЫГАН АСПАЗ

Мектептен соң Аружан домбыра сабағына қатысу үшін Зәуреш апайдың үйіне барды. Өткенде байқаудан кейін бір жеті өткен болатын. Өзі бәрін бұлдірдім деп ойлаған соң, Зәуреш апайдың да менен көнілі қалды деп пайымдады. Аружан есікке қонырау шалып тұрып, қатты қобалжыды.

– Kipe ғой, Аружан, – деді Зәуреш апай, есікті ашып.

Қолында ыстық таба.

– Қазір ғана бәліш пісіріп едім.

Бас сүққан Аружан тәтті бәліш иісі мұрнын жарып бара жатқанын сезді.

– Қане, бәліштен ауыз ти...

– Рақмет.

Ол бір шыны сүт ішіп, бәлішті жеп алды. Бос ыдысты үстелге қойды да, мұғаліміне:

– Откенде қүйді қате орындағаным үшін кешірім сұраймын, – деді. Сол кезде көзіне мөлдіреп жас келіп қалған еді.

– Оның несіне уайымдайсың, – деді Зәуреш апай. – Бәрі де қателеседі.


Аружан Зәуреш апай дәл бұлай айтады деп күтпеп еді.

– Тіпті үздік күйшілер де ара-тұра қателесіп қалады. Олар қателескенде не істейтінін білесін бе?

Аружан басын шайқады.

– Әрі қарай ойнай береді. Сендей кезімде домбыра мұғалімі айтып берген оқиға есіме түсті. Айтып берейін бе?

– Иә.



– Баяғыда түрлі тәтті-тұрым дайындастын аспаз өмір сүріпті. Халық оның балдай тәтті бәліштерін және балқұлшелерін жақсы көреді екен. Ол тіпті құлпынай қосқан бәлішті дайындау жарысында уш жыл қатарынан бәйге алыпты. Аспаз әркез ең үздігі болсам деп жанталасыпты. Ірімшік бәліші жеп-женіл әрі үгіліп тұрғанда, өзге бәліштер қытырладап піскенде тоқ көңілмен сатуға кірісетін. Бірақ оның да тәттісі күйіп кететін кездер көп еді. Кейбір бәлішке қантты көбірек қосып жіберуі де мүмкін. Мұндай кезде аспаз оларды қоқыс жәшігіне тастай салатын. Қызырақтап, өзін-өзі кіналап, күйгелектеніп кететін. Сөйті-сөйті сіркесі су көтермейтін ашушаң болып алды. Тәтті-тұрымды қуана пісіретін мейрімді аспаздың мінезі өзгеріп бара жатты. Бірде дүкенге бір әйел кірді. Қандай тәтті-тұрымды сатып аларын білмей кідіріп қалды. Аспаздан: «Сізге қай өніміңіз ұнайды?», – деп сұрады. Аспаз не айтарын білмеді. Ол ашуланамын, күйгелектенемін деп жүріп, өзі пісірген тәттілердің дәмін татып көруді де ұмытқан екен. Баяғыда өзі жақсы көретін құлпынай қосқан бәлішінің де дәмі таңдайында



қалмапты. «Білмеймін, бірақ құлпынай күлшесі үлкен сұранысқа ие», – деді ол абдырап. Сол кеште аспаз наубайхананы жауып, жинастырып жүріп бірнеше бәліш пен балқұлшесін жеп көргісі келді. Міне, ғажап! Таңдайында еритін тәттілер! Тілін үйіретін тәттілерді жеп отырып, ол баяғыда әр тәттісін жасап көрген сайын ерекше қуанатын кезді еске алды. Бүгін сол күндер қайта оралғандай. Бойын қуаныш билеп, наубайхананы сыпсырып жүріп билеп алды. Содан шеті сәл күйіп кеткен тәттілерін де қоқыс жәшігіне лақтырмайтын болды. Олар тым дәмді еді! Сатып алушыларға әлгі тәттісін ұсынып, дәм татып көруін сұрайтын. Аспаздың атақ-данқы аспандап, оның балқұлшесін сатып алу үшін халық түкпір-түкпірінен ағылды да, ісі өркендей берді...

– Аспаз мықты болып шықты, – деді Аружан еріксіз жымиын, – қателіктердің де жақсы болғаны ма?

Бірақ күйді қате орындағаны еске түсті де, жүрегі сыздап кетті.





ҚОЙЫЛЫМ ЖҰЛДЫЗДАРЫ

«Күн астындағы Күнекей қызға» дайындық жақындал қалды. Аружан пъесаны құймен сүймелдемеймін деп шешті. Адина апайға қойылымға қатыспайтыны туралы айтуда бекіді.

Адина апайдың есігін қаққан кезде, ол қағаздарын қарап отырған еді.

– Кіре ғой, – деді Адина апай. – Ертерек келіп алдың. Дайындық бір аптадан соң басталады.

– Білемін, – деді Аружан. – Сізбен сөйлескім келген.

Адина апай бар зейінімен Аружанға бұрылып, әдеттегідей шашын жинап, қарындашымен қыстырып қойды.

– Мм... Қойылымға... қатыспаймын, – деді Аружан.

– Әттеген-ай, а! Сенсіз күйді қалай шертеміз? Ол күндері басқа жұмысын бар ма еді? – деп сүрады Адина апай.

– Жоға... Жәй... Негізі Күнекейдің рөлін сомдағым келген. Қойылымның жұлдызы болсам ғой дегем. Ал күйшіні ешкім көрмейді де, – деп түсіндірді Аружан. – Сондықтан оған қатысадың еш мәні қалмады.

– Әрине, түсінемін, – деп басын изеді Адина апай. – Басты рөлді сомдау – тамаша жұмыс. Бірақ басқа рөлдердің де жаман емес екенін ұмытпа.

– Басты рөлді сомдасаң ғана қойылымның негізгі жұлдызы боласың ғой, – деді Аружан.

– Басты рөлді сомдаған кейіпкер шынымен де көптің назарына ілігеді. Алайда өзгелердің де еңбегін ұмытпаған жөн. Сахна сыртындағы

адамдардың да үлесі көп. Оқиға қызық әрі шынайы болуы үшін сахна жақсы безендірілуі керек. Бұл оңай шаруа емес. Ондай шығармашылық қабілет Жұлдыз мен Гүлжанда бар, – деп түсіндірді Адина апай.

Аружан бұл оймен бірден келісті.

– Оларға бұл жұмысты сеніп тапсырдым, себебі екеуі де суретті жақсы салады. Жақсы пьеса қойылуы үшін сахна қызметкерлері де аудай қажет. Олар декорацияны орны-орнына реттеп қоя білгені жөн. Сара мен Аспандияр осы жұмысқа лайық деп есептедім. Дер кезінде біреудің актерлерге жарықты түсіріп отырғаны да маңызды. Ол үшін жыптырлаған кнопкалардың қайсысын қай кездे басу керегін әбден зерттеп білген адам қажет. Ол, әрине, Ерлан...



Аружан басын изеді. Кім-кім де Ерланның гаджеттерді өте жақсы меңгергенін және өте ақылды бала екенін мойындайтын. Ал Сара мен Аспандиярға не жұмысты тапсырсаң да, тап-түйнақтай етіп орындайды. Екеуі де тыңғылықты оқушылар.

– Әрбір қойылым үшін жақсы сценарий жазып, бірігіп жұмыс істей алатын адамдар да қажет. Сондықтан Алмас пен Фарида да тапсырма алды, – деді Адина апай.

Аружан Алмас пен Фариданың жақсы араласатынын және екеуі де жазуды жақсы көретінін білетін.

– Ал әрбір мюзиклді өмірге әкелу үшін, үйлесім мен ырғағы бар әуен керек, – деді Адина апай. – Міне, сондықтан сені күйші ретінде таңдадым.

Аружан әр адамның маңызды орны бар екенін түсінді. Бірақ оның әлі де басты рөлді сомдағысы келіп тұрған еді. Не болса да ол Адина апайдың айтқанын істеп көрсем қайтеді деп те ойлана бастады.

– Апай, қойылым пазл секілді ғой, иә, – деді Аружан.

– Солай десек те болады, – деп келісе кетті Адина апай. – Әр қатысуышы пазл бөлшектері.

– Иә, – деді Аружан, – Әр бөлшек пьесаны толықтыра түседі.

Адина апай басын изеді, сол кезде оның түйілген бүйра шашы шешіліп кетіп, иығына түсе қалды.



- Кімнің орны маңызды екенін айта алмаймын. Актерлер де, сахна сыртында еңбек еткен әрбір оқушының да өз салмағы бар, – деп сөзін сабактады Адина апай.
- Иә, актерлесіз ешқандай пьеса қоя алмайсыз. Сондай-ақ декорациясыз, костюмсіз, сценарийсіз де ойын бола ма екен? – деп қостады Аружан.
- Режиссер мен жарық түсіруші болмаса ше?
- Ешкім ешкімге бағынбас еді және сахна тас қараңғы болатын шығар...
- Ал, күйші болмаса қалай? – деп сұрады ақырында Адина апай.
- Онда қойылым тып-тыныш өтер еді, – деді Аружан.



Аружан Адина апайға алғысын білдіріп, ойлану үшін дәлізге шықты. Әсияға Еңліктің рөлі не үшін берілгенін түсінген сияқты.

Домыраны дәл Аружандай өзге біреу ойнай алмайды деп сенгендіктен, бұған күймен сүйемелдеу се-ніп тапсырылған екен. Бәл-кім... Аружан кенеттен сол қойылымға үлесін қосқысы ке-летінін түсінді. Тағы біраз ой-ланып, Аружан қойылымда күй шертемін деп шешті.

– Адина апай, – деді ол сыныпқа қайта бас сұғып, – қойылымды күймен сүйемелдеймін!

– Әрине! Кейінірек басқа да пьесалар мен басқа да рөлдер де бола жатар.

Аружан болашақта өзі арманда-ғандай сахна жұлдызы болуға бір қа-дам жақындағанын түсінді. Бірақ қазір ол күй шертеді. Оның көңілі көтеріліп қалды.

Осы жолы басты рөлді ойнамағанымен, маңызды және жауапкершілігі мол жұмыс тапсырылғанына қуанды.

- Сіз басты рөлде ойнап көрдіңіз бе? – деп сұрады Аружан мұғалімінен.
- Кейде, – деп жауап берді Адина апай. – Бірақ мен қосалқы болғаны

ұшін ғана мықты рөлден бас тартқан бір қызды білемін. Бүгін сен қандай көңіл-күйдесің, ол уақытта ол да сондай сезімде болды.

Ұстазының көзі ұшқындап тұр еді.

– Адина апай, ол қыз сіз бе едіңіз?

Адина апай Аружанның басынан сипап, күлімсіреді:

– Дайындықта кездескенше, Аружан!





Тозызынышы Тарау

ЖАМАН ЕМЕС

Аружан мектептен келгенде, анасы аулада сурет салып отыр еді. Інісі Шыңғыс сол маңда баскетбол ойнап жүр. Ол кітаптарын ас үйдегі үстел үстіне қоя сала, соларға қарай бетtedі.

– Білесіндер ме? – деді ол анасының қасына, шөпке отыра кетіп...

– Білмейтін несі бар? Тағы да бес алдың ба? – деп келеке етті інісі.

Анасы Шыңғысқа қатулана қарады.

– Күлкімді келтірмеші, Шыңғыс....Анашым, мектепте футбол командасына балалар жинап жатыр екен, – деді Аружан.

– Жақсы ғой! – деді анасы. – Футбол – тамаша ойын.

Аружан басын изеді де, анасына сүйсіне қарады. Ол бақшадағы қызғалдақтарды қызығылт және кулгін түсті бояуымен салып отыр еді.

Ол анасына Гүлжанмен мектеп дәлізіндегі әңгімесін айтып бергісі келді, бірақ әңгімені неден бастарын білмеді.

– Сізге сурет салған ұнайды, иә? – деді сөзін басқа арнаға бұрып.

Анасы құптай басын изеді:

– Сурет салғанда ерекше сезімге бөленемін. Сурет салу – шынымен де сүйікті ісім. Сурет – өмірімнің мәні.

– Суретті тамаша саласыз, сондықтан ұнайтын болар, – деді Аружан.

– Рақмет. Иә, суретті жап-жақсы салатыным рас. Бірақ сурет салуды ұнататынымның негізгі себебі ол емес. Маған, мысалы, теннис ойнаған да ұнайды ғой, – деді анасы.



– Теннисте үнемі жеңіліп қаласыз, – деп күлді Шыңғыс допты баскетбол себетіне тастап жатып.

– Ештеңе етпейді, жеңілгеннен еш жерім кеміп қалмайды ғой, – деп жауап қатты анасы.

– Жеңілсем де, жаным қалайтын теннис ойынынан бас тарта алмаймын. Теннис ойнағанда көңіл қүйім көтеріліп қалады, теннисті сол үшін жақсы көрем, – деді аناсы.

Тағы бір қызгалдақтың суретін салып болып:

– Футболға жазылдың ба? – деп сұрады а나сы.

– Жоқ, бірақ Гүлжан жазылды.

– Сен ше? Футбол ойнағың келмей ме?

Аружан басын шайқады:

– Футбол ойнасам, үй тапсырмасын кім орындайды?

– Үй тапсырмасын орындау, әрине маңызды, – деді анасы, қылқаламын қойып, – Кеп дүниеге араласатының үшін сені мақтан етемін, әрине.

Бірақ, сонымен қатар ете маңызды бір нәрсені ұмытпа.

«Кілең бестікке оқу шығар», – деп ойлады Аружан.

– Уақытты қызықты өткізу, – деді аناсы.

Аружан анасының уақытты қызықты өткізу үй тапсырмасын орын-даудан да маңызды деп ойлатынына таң қалды.

– Сурет салу мен теннис ойнауға уақыт таба алмасам, көңіл қүйім бұзылар еді, – деп қосып қойды аناсы.

– Жазылар едім, бірақ мен футболды нашар ойнайтын сияқтымын, – деп мойындасты Аружан. Футболға жазылмауының негізгі себебі осы

еді. Ол өзгелерден нашар ойнайтын ойынға қатысқысы келмеді. Түптеп келгенде, ол барлығынан үздік болуға үйренген ғой.

– Онда тұрған не бар еken? – деді анасы. – Женілемін деген ойға бола футболға барудан бас тартасың ба?

– Женіліп қалсам несі қызық? – деді Аружан ызалана.

– Неге қызық емес еken? – деп сұрады анасы.

– Түсінбейсіз, – деп күрсінді ол, – сіз, мысалы, ешқа-шан жаман сурет салmas едіңіз.



– Мені бірден осындай жақсы суретші болып тua қалды деп ойласаң, қатты қателесесің, – деп тіл қатты анасы. – Журе ғой...

Ол үйге кіріп, ескі суреттерін шығара бастады.

– Мұны сіз салған жоқ шығарсыз! – деді Аружан таңдана әрі шошына.

Ол сондай нашар суреттерді анасының салғанына сенбей тұр еdi.

– Әрине, мен салдым, – деп күлді анасы. – Бұл суреттердің бірде-біреуін ешкім сатып та алмайды. Бірақ мен ушін бұл суреттер сондай ыстық.

– Осындай нашар сурет салып жүріп те қылқаламнан безіп кетпегенізге таң қалам, – деді Аружан. Кенет ол мұндай жағдайда ерекше ерікжігер керек еkenін түсінді.

– Ол кезде сурет салуды енді-енді үйреніп жүргенмін. Түстерді араластырып, сурет салғанды ұнататынмын. Сурет салу маған шабыт берді. Ал, жақсы сурет салу – бәліштің бетіндегі тәтті қаймақты жеген сияқты ғой. Көңілінді көтере түседі, – деп түсіндірді анасы.

Аружан анасының сурет салуды өте жақсы көретінін енді түсінген еdi.

– Футболды жақсы ойнай аламын ба, жоқ па – екінші кезектегі мәселе. Алдымен өзіме ұнаған соң, үйірмеге жазылуым керек еken гой, – деді Аружан.

– Эрине!

– Сіздің сурет салуды үйреніп кеткеніңіздей, мен де допты жақсы тебе бастармын.

– Дұрыс айтасың! Ол үшін шыдам мен көп дайындық қажет. Әрі жаңа достар да табарсың, – деді анасы. – Осы үшін-ақ футболға жазылуға болмас па?

– Ал, футбол кейін ұнамай қалса ше?

– Ештеңе етпейді. Онда футболға қатыспай-ақ қоясың. Басқа бір ермек табасың. Бірақ қазір қызығып тұрған соң, футболға барып көрмесен, оның саған ұнайтын, ұнамай-тынын қайдан білесің?

Аружан сәл кідіріп барып:

– Анашым... Доп тебуді үйрене алмасам, маған ренжіп қалмайсың ба? – деп сұрады ол анасынан.

Ол бәрінен бұрын ата анасын ренжітіп алудан қатты қорқатын.


– Жоға. – Анасы күлім-сіреп Аружанды бауырына тартты. – Неге олай дейсің?

Аружан ұндемеді. Шыны-мен де неге олай ойлайтынын өзі де білмейтін еді.

– Аружан, әкең екеуміз сені мақтан тұту үшін тек қана беске

оқуға немесе футболдан чемпион болуға міндетті емессің, – деді анасы. – Түптеп келгенде, біз сені осы қалпында жақсы көреміз.

Аружан қуанып кетті: әрбір салада ерекше болуға, әрбір істі мінсіз атқаруға тыраштанудың түк те қажеті жоқ еken. Ол өзіне ұнайтын іспен ғана айналысып, сол салада топ жара алады. Жаңа нәрсені бастаудың себебі tym көп. Үздік болудан бұрын, ол іс ең алдымен өзіңе ұнаса ғажап емес пе?! Аружан футболға жазылғысы келетінін түсінді.







Оныншы Тарау

ШАТТЫҚ КҮЙІ

Аружан футбол командасына жазылды. Ойын маусымы бір айдан соң басталды. Жаттықтырушысы оларға көп нәрсе үйретті. Мысалы, допты қалай тебу керек, қарсыласың допты алғып алмау үшін не істеу керек – бәрін ақырындал үйрене бастады. Бірде дайындық барысында баспен қалай доп соғуды да біліп алды. Мұның бәрі керемет еді. Аружан футбол ойнаған кезде бәрін ұмытатын. Себебі, ойын өте қызық. Оған футбол өте ұнады. Футболдың ең жақсысы – Гүлжанмен және жаңа достарымен уақытын тамаша өткізді. Женістер, жүлдышызды сәттер анасы айтқандай, «бәліштің бетіндегі тәтті қаймақ» секілді: көнілінді одан әрі көтере түседі.

Аружан құрамында болған «Жолбарыстар» командасы кей матчтарды жеңіп, ал кейде кез келген басқа командалар сияқты, ұтылып та қалды. Женіске жету, әрине, әлдеқайда жақсы әсер сыйлайды. Бірақ женілген кезде де Аружан қатты қүйгелектенбейтін болды. Оларға бәрі қызық еді. Жанына жақын іске көп көніл бөлгендеріне және жаңа нәрселерді үйренгеніне қуанатын. Ал қателіктер мен жеңілістер – «ханның қызында да болады». «Женілсе жер көтереді». Әрбір жеңілістен соң «Жолбарыстар» командасы жаңа әдіс-тәсілді үйренді.

Көктемде күн ұзарып, жыли түсті. «Жолбарыстар» да маусымың соңғы ойынын ойнады. Жайма шуақ, жып-жылы күндердің бірі еді. Сарғалдақтарды жел тербел, шөптің исі мұрынды қыттықтайты. Аружан алаңға жүгіріп шықты. Оның жүргегін мазалаған қүйгелек сезім әлдеқашан құрып біткен еді. Иә, мінсіз адам жоқ! Оны мойындал, барынды бағалай білсең тамаша емес пе?!

Ол бүгін ерекше көнілді. Бұл ерекше бір сезім болатын. Әр қадамына риза адамың шаттық күйі еді.



МИНСІЗ АДАМ ЖОҚ

Перфекционизм туралы балаларга арналған әңгіме

Аруjan Мұратқызы әркез алдыңғы қатарда жүргісі келеді. Әлдебір істе кенже қалып қойса, еңсесі түсіп, салы суға кетеді. Жеңілемін-ау деп қауіптенсе, жаны қалайтын істі де орындағысы келмейді, ондай сәттерде тым сылбыр. Әркез өзін өзгелермен салыстыра береді. Әрбір ісінің мінсіз бола қоймайтынына жаны ауырады.

Анасы мен ұстаздарының көмегімен Аруjan бойындағы осы мінезін түзейді. Бәрінен асып түсуді ойға алмай-ақ, көңілі ауған іске кірісуді үйренеді.

«Мінсіз адам жоқ» кітабында әсіре перфекционизм өмірдің жарқын түстерін көруге кедергі болатыны жайлы айтады. Әр істі мінсіз атқаруым керек деп жанталасқан әрбір баға осы кітапты окуға кенес берер едім».

Мартин М. Энтони, PhD;

«Мінсіздік кедергі келтіре бастағанда: перфекционизммен құрсуге арналған стратегиялар» («When Perfect Isn't Good Enough: Strategies for Coping with Perfectionism») кітабының авторы, психология, профессор, Торонтодагы Риерсон университетінің профессоры

«Эллен Флэнэган Бернс перфекционизм «дерптіне» ұшыраған балаларға тамаша сыйлық жасаған екен. Осы кітапты оқыған бала әрбір адам жаза басатынын, барлық істі мінсіз орындаимын деп тыраштанудың қажеті жоғын түсінеді».

Розмарі Каллард-Шульгит,

EdD; «Перфекционизм және дарынды балалар» («Perfectionism and Gifted Children») кітабының авторы

